

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999. — 203 б.
- 2 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.langust.ru
- 3 Хасенов Ә. Тіл білімі. — Алматы: Санат, 2003. — 51, 52-б.

Е.Е.Туйте, А.А.Блялова, Л.Б.Кадырова

Теории о возникновении языка

В статье рассмотрены разные теории о возникновении языка человечества, а также становление лингвистики как науки и её основные проблемы. Проанализированы определения языка, его основные функции, мнения и взгляды ученых о языке, начиная с древних времен. Авторами приведены сведения о количестве языков в мире, объяснены причины разновидностей языков.

E.E.Tuyte, A.A.Blyalova, L.B.Kadyrova

Theories about language emergence

In article various theories about emergence of language of mankind, and also linguistics formation as sciences and its main problems are considered. It is analyzed language definitions, its main functions, opinions and views of scientists about language, since the drevnykh of times. The author provides data on quantity of languages in the world, explains the reasons of a kind of languages.

References

- 1 Zhalmakhanov Sh.Sh. *Linguistics history*, Karagandy: Publ. KSU, 1999, p. 203.
- 2 [ER]. Access mode: www.langust.ru
- 3 Hasenov A. *Linguistics*, Almaty: Sanat, 2003, p. 51, 52.

ӘОЖ 81'1:81'36

Э.Н.Ажарбекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: elvira-2210@mail.ru)

Түркі тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік мәселесі

Мақалада түркі тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік категориясының берілу жолдары қарастырылды. Автор белгілілік/белгісіздік мәнің түркі тіл біліміне де тән категория екендігін түркітанушылардың зерттеулеріне сүйене отырып, дәлелдеді. Түркі тілдерінде белгілілік/белгісіздік артикльдерінің жоқтығын, бірақ белгілілік/белгісіздік мән басқа амал-тәсілдер арқылы берілетіндігін тілдік деректер арқылы зерттеді. Белгілілік/белгісіздік категориясының қазақ тілінде бар тілдік құбылыс екендігін, табыс жалғаулы сөздің я табыс жалғаусыз сөздің белгілілік/белгісіздік мәнге ие болуы оларды анықтайтын мүшелерге байланысты екендігін нақты мысалдармен көрсетті.

Кілт сөздер: белгілілік, белгісіздік, түркі тілдері, қазақ тілі, табыс жалғаулы, табыс жалғаусыз, толықтауыш, анықтауыш, синтаксистік қызмет.

Түркітануда белгілілік/белгісіздік — түпкі шешімін таппаған мәселелердің бірі. Ғылыми еңбектерде чуваш, түрікмен, татар, қырғыз, башқұрт, құмық тілдеріндегі белгілілік/белгісіздіктің көрінісі жөнінде И.А.Андреев, П.Азимов, Дж.Амансариев, К.Сариев, М.З.Закиев, Б.Н.Юнусалиев, Н.Ф.Катанов, П.М.Мелиоранский, Н.А.Ашмарин, Н.К.Дмитриев, В.М.Насилов, А.П.Поцелуевский,

А.Н.Кононов, Э.В.Севортян, А.М.Щербак, В.Г.Гузев сынды түркітанушы-ғалымдардың айтқан пікірлері кездеседі.

Түркі тілдерінде роман-герман тілдеріндегі сияқты белгілілік/белгісіздік артикльдері жоқ. Дегенмен, белгілілік/белгісіздік мән басқа амал-тәсілдер арқылы беріледі. Түркі тілдеріндегі септік жалғаулар жүйесі мен олардың синтаксистік қызметі тіл ғылымында қарастырылса да, біздің түркітанушылар белгілілік/белгісіздікті тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз келуімен және изафетті тіркестегі анықтауышпен байланыстырады. Алайда бұл мәселе тіл білімінде әлі де болса түбегейлі зерттелмеген.

Түркітанушылардың еңбектерінде тура толықтауыштардың табыс жалғаулы, жалғаусыз болатыны туралы пікірлері ертеден бар. М.А.Казем-Бектің пікірінше, «қимылға қатысты зат белгісіз болғанда және ол етістіктің дәл алдында тұрғанда табыс септік атау септігімен алмастырылады» [1].

«Алтай тілінің грамматикасы» да осы ізбен тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалудың оның белгілі, белгісіз зат болуынан деп түсіндіреді [2]. Одан кейінгі Н.Ф.Катанов, П.М.Мелиоранский сияқты грамматика авторлары «Алтай тілі грамматикасының» салған даңғыл жолынан ешқайда аумай, сондағы ережелерді шамалы өзгерістермен қайталап келді. Н.Ф.Катанов: «Винительный падеж, оформленный, т.е. с полным окончанием, употребляется вообще тогда, когда речь идет о предмете определенного, явно и мысленно, когда говорящий, желая обратить на него внимание слушающего, ставит на нем в речи ударение» [3].

П.М.Мелиоранский «Краткая грамматика казах-киргизского языка» деген еңбегінде, негізінен, өз әріптестерінің көзқарастарын қолдаған. Алайда ғалым өз тарапынан мынадай тұжырым жасайды: «Можно различать винительный падеж оформленный и неоформленный, т.е. иначе сказать, иногда, именительный падеж употребляется вместо винительного. Это бывает, вообще говоря, тогда, когда слово, стоящее в винительном падеже, не определено или говорящий не хочет обращать на него особого внимания слушателя. Таким образом, употребление оформленного или неоформленного винительного падежа весьма часто зависит от личного взгляда говорящего или пишущего» [4].

Түркітанушылар белгілілік/белгісіздік ұғымын сөйлеушімен, жазушымен байланысты қарайды да, ал тыңдаушыны назарға алмайды. Ал, белгілілік пен белгісіздік категория ретінде танылған басқа тілдердің ғылыми әдебиеттерінде оқушы мен тыңдаушы басты назарға алынады. Мәселен, араб тілінде белгілілік/белгісіздік артикльдер арқылы беріледі. Г.М.Горбучян бұл тілдік құбылысты былайша түсіндіреді: «Белгісіздік — тыңдаушыға таныс емес, ал сөйлеушіге таныс. Сонымен қатар белгілілік/белгісіздік бұл тыңдаушыға қатысты» [5].

Түркітанушы Н.К.Дмитриев зерттеушілердің жоғарыдағы пікірлеріне қанағаттанбай, бұл сұраққа басқаша жол іздейді. Ең алдымен ол белгілілік/белгісіздікті «категория» деп таниды. Егер бұдан бұрын белгілілік/белгісіздік белгілі және белгісіз болумен (известное или неизвестное) қатысты делінсе, Н.К.Дмитриев: «Если обозначаемое именем явление было предметом нашего опыта, и таким образом, известное нам, такое имя считается грамматически определенным и в функции прямого дополнения употребляется с показателем винительного падежа. Если предмет нам сообщается впервые и мы о нем до этого не знали, то предмет считается грамматически неопределенным и в функции прямого дополнения не получает показателя винительного падежа» [6; 3], — деп жазады. Н.К.Дмитриев бұл ұғымды құмық және башқұрт тілі грамматикасында одан әрі кеңейте түсіндірді. Ол: «В кумыкском языке (как и во всех тюркских) существительные разделяются на такие, которые уже были предметом нашего опыта и потому теперь являются для нас известными и определенными, и на такие, которые вводятся рассказчиком впервые и потому являются для нас неизвестными предметами нашего опыта» [7].

XX ғасырдың аяқ шенінде белгілілік/белгісіздік мәселесіне өзгелерден гөрі ұқыпты қараған түркітанушылардың бірі Н.А.Ашмарин болды. Ғалым 1902 жылы шыққан «Опыт исследования чувашского синтаксиса» деген еңбегінде басқа авторлардай тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалуды тек белгілілік/белгісіздіктің тұңғық түкпіріне итере салмай, чуваш тілінде олардың қандай жағдайда жалғаусыз жұмсалатынын, қандай жағдайда жалғаулы болатынын ашуға көп көңіл бөліп, өте құнды материалдар жинаған.

Тура толықтауыштардың жалғаулы жалғаусыз жұмсалуды жайында жоғарыда аталған түркітанушы-ғалымдардың көзқарасы соңғы жылдарға дейін сол қалпында барлық түркі тілдеріне ортақ негізгі грамматикалық ереже ретінде қолданылып келеді. Мысалы, ұйғыр тілін зерттеушілердің бірі В.М.Насилов жоғарыдағы заңдылықты тура толықтауыштың екі түрлі тұлғада жұмсалудың мызғмайтын берік іргесі есебінде түсіндіре келіп былай дейді: «Таким образом, винительный падеж

выражает объект действия. Он образуется двойко: если объект действия определенный, он приобретает суффикс *-ni*; если объект неопределенный, он подобно именительному падежу, представляет основу имени» [8,42]. Бірақ бұл ереженің барлық жағдайда қолданыла бермейтінін аңғарып, түркітанушы ақыр аяғында: «Винительный падеж в разговорном языке иногда употребляется без аффикса *-ni* и при определенном объекте» [8; 43], — дегенді айтады.

Профессор А.П.Поцелуевский «Основы синтаксиса туркменского литературного языка» атты еңбегінде жоғарыдағыдай пікірді айтумен қатар, белгісіздіктің мынадай жағын сөз етеді. «Когда прямое дополнение имеет при себе артикль неопределенного вида, оно, как правило, употребляется без показателя винительного падежа» [6; 217], — дейді. Солай дей тұрып, ізінше: «Однако слова с неопределенным артиклем *бир* иногда могут все-таки принимать показатель винительного падежа» дегенді мойындайды. Бірақ ол профессор А.П.Поцелуевскийге басқа ой салмайды, оны да баяғы белгілілікке апарып жатқызады: «Если предмет, известный читателю или слушателю, известен рассказчику (автору) либо лицу, о котором идет речь», — дегенде *бір* сөзі тіркесіп айтылған тура толықтауыштың жалғаулы болу себебі етіп көрсетеді.

Чуваш тілін зерттеуші ғалым И.А.Андреев: «Как и в других тюркских языках, именно существительные в чувашском языке различаются по признаку определенности и неопределенности. Наиболее яркое выражение это категория находит при обозначении прямого объекта. Если объект неопределенный, он обозначается основным падежом: *эпе кенеке вулатан* — «я читаю книгу»; *платниксем сурт товассе* — плотники строят дом». Определенный же объект обозначается дательнo-винительным падежом: *эпе кукенекене вуласа тухром* — «я прочитал эту книгу»: *платниксем вал сурта керкунеччен туса петерессе* — «плотники до осени построят тот дом» [8; 48]. Түрікмен тілін зерттеушілері П.Азимов, Дж. Амансариев, К.Сарыевтар табыс септігінің жалғауы түбірдің соңғы дыбысы дауыссыз дыбыстармен аяқталса *-ы*, *-и* тұлғаларында, ал дауысты дыбыстармен аяқталса, *-ны*, *-ни* тұлғаларында жалғанатынын айта келе, белгілі объект табыс септігінде жұмсалатынын айтады. Сондай-ақ, ғалымдардың пікірінше, егер тура толықтауыш белгісіз объектіні білдірсе, онда ол негізгі септік жалғауында жұмсалып, баяндауыштың алдында орналасады. Мысалы: *китабы гетирдим* — «я принес (известную тебе) книгу» — «мен (саған белгілі) кітапты әкелдім» — белгілі объект табыс септігінің *-ы* формасын жалғаған. *Мен хат язжак* — «я напишу письмо» — «мен хат жазамын» — белгісіз объект [8; 97]. Ал М.З.Закиевтің пікірінше, татар тілінде белгілілік табыс септігінің жалғауымен, белгісіздік табыс септігінің жалғауынсыз беріледі [8; 143].

Сондай-ақ түркі тілдерінде белгілілік/белгісіздіктің берілу жолын сын есім мен есімдіктерге байланысты қарайды. Жоғарыда аталған татар тілінің зерттеуші М.З.Закиев белгісіздік зат есімге «*бер*» (бір) сан есімінің тіркесуі арқылы, ал белгілілік «*теге*» (сол) сілтеу есімдігі арқылы жасалады деп санайды [8; 143]. Қырғыз тіліндегі белгілілік/белгісіздіктің берілу жолы да дәл осы тәрізді. Түркітанушы Б.Н.Юнусалиев белгілілік/белгісіздіктің берілу жолын былайша сипаттайды: «Неопределенность передается при помощи слова *бир* (*один*) выступающего не только в своем прямом значении количественного числительного, но и как показатель неопределенности: *бир адам* (*какой-то человек*). Определенность передается морфологическим путем — при помощи аффиксов принадлежности, а также синтаксическим — при помощи указательных местоимений: *балам* (*мой ребенок*), *бұл бала* (*этот ребенок*)» [8; 489].

Қазақ тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік мәселесі жөнінде синтаксистің маманы М.Балақаев мынадай ой айтады: «В тюркских языках нет артикля, обозначающего определенность-неопределенность, но понятия такие есть. Например, в казахском языке числительное *бір*, *біреу* (*один*),...*деген бір* (*-еу*) часто употребляется в предложении, когда говорящий выражает имена в неопределенном свете, со значениями «некий», «какой-то». Например: *Біздің үйге Омарбек деген біреу келді* (*К нам пришел некий Умарбек*). *Мен Темірбек деген бір кісіні шақырып келдім* (*Я вызвал какого-то человека по имени Темирбек*). Хотя особо артикледобного слова для обозначения определенности нет, указательные местоимения *бұл*, *сол*, *осы*, *ол* и другие употребляются для выражения этого значения. Однако вопрос о том, являются ли ОНО особой грамматической категорией в тюркских языках, остается нерешенным» [9]. Демек, бұл пікірден байқайтынымыз — белгілілік/белгісіздіктің қазақ тіл біліміне тән тілдік құбылыстардың бірі екендігі.

Жоғарыда сөз етілген түркі тілдеріндегі табыс жалғаулы, жалғаусыз тура толықтауыштың белгілілік/белгісіздікке қатысы жөніндегі түркітанушылардың пікірлері қазақ тіл білімінде де қарастырылады.

Қазақтың тілтанушы-ғалымы М.Балақаев П.М.Мелиоранскийдің сөздің табыс жалғаулы не табыс жалғаусыз болуы сөйлеушінің жеке көзқарасына қатысты болады деген пікіріне: «Грамматиканың жалпыға ортақ заңын ондай жеке кісінің еркімен байланыстырудың дұрыс болмайтыны өзінен-өзі түсінікті», — деп ой айта отырып, «қазақ тілінде тура толықтауыштың екі түрлі тұлғада жұмсалуды тек заттың белгілі, белгісіздігімен түсіндіруге болмайтындығын және кейде белгілі, айқын деген заттар жалғаусыз айтылады да, мүлде белгісіз ғой деп ұсынылатын заттар (объектілер) табыс жалғауында айтылатындығын сөз етеді. М.Балақаев Н.К.Дмитриевтің белгілілік/белгісіздік терминдерін даралық (единичность), ортақтық (коллективность) ұғымдарымен байланыстыра қарау керектігі жөніндегі пікірін қостай келе, белгілілік пен белгісіздіктің ара жігін айырудың бұл жолы қазақ тілі үшін де орынды болатындығын айтады. «Тек жалғаусыз айтылатын сөздің алдында *бір*, *бұл* тәрізді белгілілік пен белгісіздік анықтауышы жоқ сөздердің түбір күйінде де, көптік жалғауында тұрып та ортақ (коллективный) белгісіздік мағынада жұмсалуды күмән келтіруге болады. Біріншіден, көптік жалғаудағы сөздер *мен аттар көрдім* болып табыс жалғаусыз айтылмайды, не *жылқы көрдім* деген жалпылық, ортақтық мағынадағы сөзбен айтылады, не *аттарды* деп табыс жалғауында айтылады: *аттарды байлады*, *аттарды сұғар* т.б. Бірақ оларда бірыңғай, біркелкі, не әр түрлі *ат* екендік мағына жоқ, тек көптігі ғана ұғынылады. Екіншіден, *кітап*, *ат*, *отыз*, *от* тәрізді жалпылық мағынадағы көптік ұғымда, белгісіздік мағынада жұмсалады дейтін зат есімдер тура толықтауыш қызметінде солай жалғаусыз айтылатын жерлері бар: *ағаш*, *шаш*, *қалпақ* дегендер тәрізді көптік жалғауын жалғамаса да жалпылық, көптік мағынада жұмсалатын сөздер, кейбір сөйлемде белгісіздік ұғымда болғанмен, табыс жалғауда айтылуы мүмкін. Мысалы: 1. *Ол маған қарай бір қалпақты лақтырып кеп жіберді.* 2. *Ол шашты майлап өріп тастапты.* 3. *Қалың ағашты аралай жүгірдік.*

Әрине, бұл сөйлемдердегі *қалпақ*, *шаш*, *ағаш* деген тура толықтауыш қызметіндегі сөздер жалпылауыш зат болғанмен, сол сөйлемдерде оларды жалғаусыз айтуға болады. Неге олай? Әлде олар белгілі заттар ма? Жоқ, белгісіз ұғымды (тіпті, бірінші мысалда белгісіздіктің белгісі *бір* деген сөз де бар) толықтауыштар. Сонда да олардың табыс септеуінде айтылуы сөйлемнің экспрессивті қалыпта екендігімен, тура толықтауыштарға екпін түсіріле, басқа сөздерден гөрі басым мағынада жұмсалудымен байланысты. Осылар сияқты, жоғарыда айтылған, негізінде дұрыс берілген схемаға сыймайтын басқа мысалдарды қоспағанда Н.К.Дмитриевтің белгілілік/белгісіздікке грамматикалық мән беріп, оларды даралық, ортақтық деп айыруы бұл мәселені дұрыс шешу жолындағы елеулі ғылыми табыс екені даусыз. Бірақ ондай белгілі толықтауыштарға жататын заттар, Н.К.Дмитриевтің айтуы бойынша, тәжірибеміздің предметі ретінде бізге бұрыннан таныс — белгілі болса, олар толықтауыш қызметінде жалғаулы болады, егер зат туралы бізге бірінші рет айтылған болса, егер оны бұрын білмесек, тура толықтауыш қызметіндегі ондай зат жалғаусыз болады деген пікір қазақ тілінің фактілерімен қабыса бермейді [6; 217].

Қазақ тілі грамматикасының авторлары да тура толықтауыштың жалғаулы, кейде жалғаусыз жұмсалуды себебін сол белгілілік/белгісіздік мәннің тезіне салып түсіндіреді. М.Балақаев: «Қазақ тілінде де белгілілік (дефинитивность — определенность) пен белгісіздік (индефинитивность — неопределенность) категорияның синтаксистік амалы болатынын байқаймыз. Сол амалмен тура толықтауыш бірде жалғаулы, бірде жалғаусыз айтылып, жалғанса — белгілі, жалғанбаса — белгісіз болатыны бар» [10; 148], — деп тұжырымдайды.

Алайда ғалым М.Балақаев бірқатар сөздердің мысалы табыс жалғауда айтылуында белгілілік ұғым болса, бірқатар сөздердің табыс жалғауда тұрып тура толықтауыш болуында ондай айырмашылық жоқ болып шығатындығын аңғарады да, былайша тұжырым жасайды: «Біздіңше, жоғарыда айтылған сөздердің тура толықтауыш қызметінде үнемі жалғаулы болуының негізгі себебі олардың мағыналық мазмұнының белгілі болуында емес, ол сөздердің синтаксистік негізгі қызметінің өзгешелігінде болу керек [10].

Шындығында табыс жалғаулы, табыс жалғауынсыз сөздің бойынан белгілілік/белгісіздік мәндерін байқау қиын. Мысалы: *Домбыраны алғанда малдас құрып отырған қақпақ жауырынды батырдың көптен домбыра ұстамай, найза ұстаған қолы тосаңсып, саусақтары кібіртіктеп қалған секілденді. Әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын гибрат көріп күл.* Алғашқы сөйлемдегі *найза*, *домбыра* сөздері, екінші құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарындағы *жақсылық* сөзі табыс септігінің жалғауынсыз берілген. Мұнда табыс септігі жасырын тұр (*домбыраны ұстаған қол*, *найзаны ұстаған қол*, *жақсылықты тапқанына*). Алайда бұл сөйлемдердегі табыс жалғауынсыз сөздердің бойынан

белгілілік не белгісіздік мәндерін табу қиын. Мұндағы табыс септігінің жасырын келуі сөздердің синтаксистік қызметіне байланысты болса керек.

Сондай-ақ «*Әйгерім әнін үзгенше, Абай қыбыр етпестен мүлгіп тыңдады, тек Әйгерім тоқтағаннан соң үйге кірді (М.Әуезов); Олардың ойларын бұзғысы келмей, Кенжегара жасқанған болып жалына бастады*» деген сөйлемдердегі *ән, ой* сөздерінің табыс септігінде жасалуы сөздердің белгілілік не белгісіздік мәнде берілуінде емес. Бұл сөйлемдердегі тура толықтауыш қызметіндегі сөздер тәуелдік жалғаулы сөздер (*ән-і-н, ойлар-ы-н*). *Ән, ой* сөздері сөйлемдегі басқа сөздерге қарағанда, айтушыға, тыңдаушыға субъектілік, грамматикалық белгісі бар сөздер және бұл сөздер тура толықтауыштық қызметін айқындау үшін табыс септігінде жалғанады. Егер табыс септігін жалғамасақ, бастауыш қызметін атқаруы мүмкін (*әні үзгенше, ойлары бұзғысы келмей*). Бұдан шығатын қорытынды — табыс жалғаулы сөздің де, табыс жалғаунсыз сөздің де белгілілік я белгісіздік мән бере алмайтындығы. Біздің ойымызша, табыс жалғаулы сөздің алдында анықтауыш мүше болса ғана, ол белгілілік мәнге ие болады, ал белгісіздік мәндегі сөз болса, белгісіздік мәнге ие болады. Мысалы: *Кенет лаулап жанған бір жалынның жарығымен жасауылды байқап қалып, тура ұмтылғанда, анау қолындағы мылтықты кезеп, атып жіберді. Атағы шықпаған, бірақ бір әнін естіген, өзін білетін адамдар тегіс оның болашағынан үлкен үміт күтетін* (М.Мағауин). Алғашқы сөйлемде екінші сөйлемге қарағанда белгілілік мән басым. Себебі, табыс септігіндегі *мылтық* сөзін *қолындағы* сөзі анықтап тұр. Ал екінші сөйлемде белгісіздік басым. Себебі *бір* есімдігі табыс жалғаулы *ән* сөзіне белгісіздік мән үстейді.

Демек, табыс жалғаулы сөздің я табыс жалғаунсыз сөздің белгілілік/белгісіздік мәнге ие болуы оларды анықтайтын мүшелерге байланысты. Егер белгісіздік мәндегі сөз тұрса, табыс жалғаулы сөз белгісіздік мәнде болады. Егер анықтауыш мүше белгісіздік мән бермейтін өзге сөздерден болса, табыс жалғаулы сөз белгілілік мәнде болады.

Сонымен, түркі тілдерінде белгілілік/белгісіздік мәселесі — нақты жауап алмай келе жатқан мәселе. Десе де, тілдік айғақтарға қарасақ, бұл белгілілік/белгісіздік мән түркі тілдеріне де тән құбылыс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Казем-Бек М.А.* Общая грамматика турецко-татарского языка. — Казань, 1846. — С. 381.
- 2 Грамматика алтайского языка. — Казань, 1969. — С. 142.
- 3 *Катанов Н.Ф.* Опыт исследования урянхайского языка. — Казань, 1903. — С. 783.
- 4 *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казах-киргизского языка. — СПб., 1897. — С. 15.
- 5 *Горбучян Г.М.* Теория артикля и проблемы арабского синтаксиса. — М., 1973. — С. 34.
- 6 *Дмитриев Н.К.* Строй турецкого языка. — М., 1939. — 247 с.
- 7 *Дмитриев Н.К.* Грамматика кумыкского языка. — М., 1940. — С. 172.
- 8 Язык народов СССР. — II-т. Тюркские языки. — М.: Наука, 1966. — 584 с.
- 9 *Балақаев М.Б.* Қазақ әдеби тілі. — Алматы: Ғылым, 1984. — 60-б.
- 10 *Балақаев М.Б., Сайранбаев Т.* Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Санат, 2003. — 151-б.

Э.Н.Ажарбекова

Проблема определенности/неопределенности в тюркском языкознании

В статье рассмотрены и проанализированы факты выражения определенности/неопределенности в тюркских языках. Тюркологами выявлено, что такая семантика может выражаться посредством дополнения с показателями и без показателя винительного падежа. А в казахском языке дополнения с показателями и без показателей винительного падежа не выражают значения определенности/неопределенности. На материале казахского языка автором показано, как значение определенности и неопределенности слов с показателями и без показателя винительного падежа зависит от определяющих их членов предложения.

Definiteness/uncertainty problem in Turkic linguistics

In article the facts of expression of definiteness/uncertainty in Turkic languages are considered and analyzed. For Turkic linguistics the category of definiteness/uncertainty is a question unresolved. By turcologists it is revealed that such semantics can be expressed by means of addition with indicators and without indicator of an accusative case. And in the Kazakh language of addition with indicators and without indicators of an accusative case don't give value of definiteness/uncertainty. On a material of the Kazakh language the author shows, how value of definiteness and uncertainty of words with indicators and without indicator of an accusative case a zavisist from sentence parts defining them.

References

- 1 Kazem-Beck M.A. *General grammar of the Turkish-Tatar language*, Kazan, 1846, p. 381.
- 2 Grammar of the Altai language, Kazan, 1969, p. 142.
- 3 Katanov N.F. *Experience of research of uryankhaysky language*, Kazan, 1903, p. 783.
- 4 Melioransky P.M. *Short grammar the Kazakh — the Kyrgyz language*, Sankt Petersburg, 1897, p. 15.
- 5 Gorbuchyan G.M. *Theory of an article and problem of the Arab syntax*, Moscow, 1973, p. 34.
- 6 Dmitriyev N.K. *Stroy of the Turkish language*, Moscow, 1939, p. 247.
- 7 Dmitriyev N.K. *Grammatika of the Kumyk language*, Moscow, 1940, p. 172.
- 8 *Language of the people of the USSR, II vol. Turkic languages*, Moscow: Nauka, 1966, 584 p.
- 9 Balakayev M.B. *Kazakhsky literary language*, Almaty: Gylym, 1984, p. 60.
- 10 Balakayev M.B., Sayranbayev T. *Modern Kazakh language*, Almaty: Sanat, 2003, p. 151.

ЭОЖ 81'

К.О.Сапарова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: kamma1976@mail.ru)

Еліктеуіш сөздердің сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалуы

Мақалада морфология саласында бұрыннан сөз болып келген еліктеуіш сөз табының жасалу жолдары сөзжасамдық жүйе тұрғысынан қарастырылды. Морфологияда еліктеуіш сөз табының жасалу жолдары грамматикалық мағына, форма тұрғысынан қарастырылып келсе, сөзжасамдық жүйеде бұл сөз табының мағына түрлері мен сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалатынына назар аударылады. Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі нәтижесінде сөздердің лексикалық мағынада ауысатыны, түрленетіні сияқты мәселелер нақты мысалдармен дәлелденді.

Кілт сөздер: қазақ тілі, еліктеуіш сөздер, сөзжасам, сөз, морфология, сөз таптары, грамматика, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тәсіл, лексика.

Қазақ тілі әлемдегі бай тілдердің біріне жатады. Тілдің лексикасының үнемі дамып толығып отыруы экстралингвистикалық факторлармен де тығыз байланысты. Тіліміздің сөздік қорының баюындағы негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады. Сөзжасам жүйесіндегі тіл көне заманнан бері үнемі толығып, дамып, күрделеніп, әбден қалыптасқан заңдылықтар арқылы жүзеге асты. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап тіл білімінде қарастырыла бастаған сөзжасам туралы көптеген еңбектер, зерттеулер жүргізіліп, соның нәтижесінде сөзжасам лингвистикалық зерттеудің лексикамен және морфологиямен терезесі тең жеке сала ретінде қалыптасты. Оның ерекшелігі сөздердің арасындағы байланыс, қатынас лексика-семантикаға, морфологияда формаға келіп тірелсе, ал сөзжасамда семантикаға да, формаға да екі жақтан бірдей қатысты болып келеді.